

Қазақстан Республикасындағы прокуратура органдарының өзара құқықтық көмек көрсетудегі рөлі мен маңызы.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған сәттен халықаралық құқықтық қатынастардың дербес субъектісі ретінде қылмыспен бірлесіп күресу және сондай-ақ қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету аясында халықаралық келісімдер жасау қажеттігі туындады. 2004 ж. елбасының жолдауында еліміздегі басты мәселелердің бірі адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі құқық қорғау және сот органдарының қызметін жетілдіру қажеттігі туралы айтылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдағаннан кейін басты міндеттердің бірі болып еліміздің заңдарын құқықтық қатынастарды реттеудегі халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруге, құқықтық жүйені жетілдіруге байланысты жаңа кезең басталды.

Қылмыспен күресу аясындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың дамуы бүкіл дүние жүзіндегі құқық қорғау органдарының қызметіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады және бұл бірінші кезекте қазіргі уақыттағы қылмыстың трансұлттық сипат алуымен, оның нысандары мен түрлерінің жетілдірілуімен түсіндіріліп отыр. Осы себепті қылмыспен күресуде өзара құқықтық көмек көрсету арқылы әртүрлі елдердің өзара ынтымақтастығын ұлғайтуға және өзара бірлесіп күресуіне деген қажеттілік туындайды. ҚР прокуратура органы халықаралық шарттар мен ұлттық заң бойынша қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету, қылмыскерлерді ұстап беру және сондай-ақ сотталған тұлғаларды жазасын ары қарай өтеу үшін беру туралы мәселелерді шешуде біздің еліміздің өкілетті органы болып табылады.

Прокуратура органдарының мемлекеттік билік жүйесіндегі алатын орны мен оның атқаратын рөліне деген ғалымдар мен осы саладағы мамандардың қызығушылығының толастамауын әртүрлі елдердегі прокуратура органдарының құқықтық жүйедегі алатын орнының әркелкілігіне байланысты атқаратын функцияларының әркелкілігімен түсіндіруге болады. Шет мемлекеттердің заңдарына талдау жасай отырып унитарлы мемлекеттердің төрт тобын бөліп көрсетуге болады:

- 1) прокуратура елдің әділет министрлігінің құрамына енетін елдер (Франция, Польша, Япония);
- 2) прокуратура елдің сот жүйесінің құрамына еніп (магистратура) сот құрамында болатын елдер (Испания, Италия);
- 3) прокуратура органы жоқ елдер (Великобритания);

4) прокуратура жеке құқықтық институт ретінде құрылып елдің парламентіне немесе президентіне есеп беретін елдер (КНР, КНДР және ТМД бірқатар елдері). ТМД елдерінде прокуратура сот жүйесінде белгілі орын алса (мысалы, Әзірбайжан, Грузия, Латвия, Литва), басқаларында (мысалы, Ресей Федерациясы) – прокуратураға бұрынғы КСРО кезеңіндегі мемлекеттік құқықтық жүйедегідей дербес орын беріледі. Сол сияқты прокуратураның қызметінің негізгі бағыттары, міндеттері мен құзіреті де әр қилылығымен ерекшеленеді.[1]

Дегенмен, әлемде прокуратураның өкілеттігі мен міндеттерін бірыңғай анықтайтын жүйе жоқ. Прокуратураның атқаратын қызметі мемлекеттерде әрқалай шешіледі. Олардың кейбірелеріне тоқталып кеткім келеді.

Бас прокуратура мен оның өкілеттіктерін әділет министрлігіне беру АҚШ тәжірибесінен алынған. Дегенмен, Құрама штаттарда прокуратураның атқаратын функциялары ауқымды. Америкалық прокурор (attorney) – прокурордың негізгі міндеттерімен қатар азаматтық және қылмыстық істер бойынша сотта атқару билігінің атынан өкілдік етумен қатар, қарсы барлау қызметімен, саяси полиция қызметін, түрме және иммигранттар мәселелерімен де айналысады. Ол АҚШ президентінің қылмыстық саясат жөніндегі кеңесшісі, үкіметтің заң кеңесшісі қызметін атқарады. Өз мәні бойынша Бас прокуратура басқаратын департамент (әділет министрлігі емес) – бұл біздің түсінігіміздегі әділет министрлігі емес, прокуратура органы болып табылады.

Прокуратураның отаны болып есептелетін Францияда - прокурор толығымен тәуелсіз, ерекше фигура. Мемлекеттің мүддесін білдіре отырып, прокурор сот процесінде бір тараптың мүддесін білдірмейді, ол Республика атынан айыптауды жүзеге асырады. Прокурорды судьяны немесе алқа билерді ауыстыру сияқты ауыстыруға болмайды. Прокурор қылмыстық іс қозғай алады, тергеу барысын бақылай алады. Сондай-ақ прокуратура өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде қарулы күштердің араласуын талап ете алады. Оның бақылауында лауазымды тұлғалар мен сот полициясының агенттері болады. Заң бұзушылық немесе жасалған қылмыс туралы мәлім болған әрбір билік органы, әрбір лауазымды тұлға ол туралы прокурорға хабарлауға міндетті.

Қылмыспен күресуде ең жақсы нәтижелер көрсетіп отырған Жапонияда, прокуратура функциялары өте ауқымды. Прокуратура аса күрделі қылмыстық істер бойынша өзі тергеуді жүргізе алады, сотқа бермей-ақ кейбір істерді өзі шеше алады, полицияның тергеу жүргізуіне қадағалауды жүзеге асырады, сотпен тағайындалған жаза мен үкімнің орындалуын қадағалайды, сотта айыптауды жүзеге асырады.

Сонымен, байқап отырғанымыздай, прокуратураның қызметі әрбір елдің салт-дәстүріне, мәдениетіне, тарихына байланысты ерекшеленеді. Еуропалық стандарттарға ұмтылып отырған Литваның прокуратура туралы заңында мемлекеттік билік органдарының функциялары мен мәртебесін анықтау кезінде прокуратураның "дербес құқық қорғау органы" екендігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік Конституция мен заң нормалары негізінде биліктің өзара тежемешілік әрі тепе теңдік қағидасы негізінде өз қызметін жүзеге асыратын атқару, заң шығару, сот билігіне бөлену қағидасы негізінде жүзеге асырылады. Ұлттық заң мен халықаралық шарттарға сәйкес қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету, қылмыскерлерді ұстап беру және сондай ақ жазасын ары қарай өтеу үшін сотталған тұлғаларды беруге байланысты мәселелерді шешу кезінде Бас прокуратура біздің еліміздің өкілетті органы болып табылады.

Заңдарда прокуратура органдарының конституциялық қадағалау аясы шектелмегендіктен, ҚР қабылдаған халықаралық шарттардың орындалуын қадағалау объектісі ретінде 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заң күші бар «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Президент жарлығының 1, 4 және 19 баптарына сәйкесінше толықтырулар енгізуді ұсынатын И. Ж. Бақтыбаевтың пікірімен келісемін. [2]

Биліктің бөліну теориясына сәйкес барлық мемлекеттік органдар биліктің белгілі бір тармағына жатқызылуы керек. Прокуратураны, оның құқықтық мәртебесін ескере отыра, биліктің белгілі бір тармағына жатқызу қиын. [3]

Белгілі ресей ғалымы Г. В. Игнатенко көрсеткендей «Ресей Федерациясының прокуратура туралы» РФ Федералдық заңының 2 бабына сәйкес Ресей Федерациясының Бас прокуратурасы өзінің құзіреті шегінде басқа мемлекеттердің сәйкес органдарымен тікелей байланысты жүзеге асырады, РФ халықаралық шарттарын жасауға қатысады. Осыған орай, ҚР Бас прокуратурасының ҚР келісімдерінің сәйкес жобаларын жасауға құзіретін қарастыру ұсынылады. [4]

Қазақстан Республикасының ІІМ мен Бас прокуратурасы халықаралық құқықтың субъектісі болып табылмайды, олармен жасалған ведомствоаралық келісімдер ҚР мемлекетаралық шарттар түсінігіне кірмейді және осы ведомстволар шеңберінде ғана орындалуы тиіс.

Ешқандай билік тармақтарына кірмей прокуратура, Қазақстан Республикасының Прокуратура туралы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 Заңына және Конституцияның 83 бабына сәйкес, мемлекет атынан Республика аумағында заңдардың, ҚР Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме дәл әрі бірыңғай қолданылуына, жедел іздестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық іс-жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау және жою жөнінде шаралар қолданатын, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіретін Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді және қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Прокуратура кез келген заңдылық бұзушылықты анықтау және жою жөнінде шаралар қолданады, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды,

сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Соңғы жылдары осы саладағы туындайтын қатынастарды реттейтін 37 арнайы екі жақты келісімдер мен көпжақты конвенциялардың арқасында қылмыспен бірлесіп күресудің тиімділігі артуда. 2010 жылы Үндістан және БАӘ өзара құқықтық көмек көрсету мен ұстап беру туралы екі шарт жасалса, осы жылы ҚХР сотталған тұлғаларды беру туралы Шартқа қол қойылды. Корея мен БАӘ мен жасалған шарттар ратификациялаудың ішкі мемлекеттік процедураларын өтіп жатыр. Тайланд, Ливан, Пәкістан, Ұлыбритания, Иран, Латвия, Ауғанстан Ислам Республикасы мемлекеттерімен қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету және қылмыскерлерді ұстап беру туралы, Иран, Турция, Индия мемлекеттерімен шет елдік соттармен бас бостандығынан айыру жазасына сотталған тұлғаларды жазасын ары қарай өз отанында өтеу үшін беру туралы екі жақты шарттардың жобалары келісу кезеңінен өтіп жатыр. Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Азия тынық мұхит конвенциясын жасау бойынша жұмыс қызу жүріп жатыр. Қазақстан Республикасы мен Израиль мемлекеті, Біріккен Араб Әмірлігіне, Венгрия Республикасы, Катар елі, Таиланд Корольдігі және Латвия Республикасы арасында құқықтық көмек жөніндегі келісім жобалары контрагенттерге келісу үшін жіберілді.

Осы саладағы жасалған ведомоствоаралық келісімдерге тек 2010 жылы АҚШ-тың ФТБ, Чехия, Словения, Болгария, 2009 жылдың 23 маусымында Мәскеу қаласында Ресей Федерациясының прокуратураларымен ынтымақтастық туралы қол қойылған келісімдер мысал бола алады. Испания және Украина мемлекеттерімен ведомоствоаралық келісімдерге қол қою жоспарлануда.

2010 жылы қылмыстық істер бойынша тергеу жүргізу кезінде прокуратура органдарымен құқықтық көмек көрсету туралы шет мемлекеттердің 1400 өтініші қарастырылды. Өз кезегінде шет мемлекеттермен ҚР прокуратура органдарының 720 өтініші қарастырылып қанағаттандырылды. Мысалы, тек «БТА Банк» АҚ активтерін жымқыру ісі бойынша тергеу жүргізу барысында шет мемлекеттердің өкілетті органдарына 40-тан астам өтініш жіберіліп нәтижесінде қазіргі уақытта осы іс бойынша 13 адамға қатысты сот үкімі шығарылды.

Қылмыскерлерді ұстап беру мәселесі бойынша ҚР негізгі әріптестері ТМД мемлекеттері болып табылады. Алдыңғы жылы ҚР шет мемлекеттерге біздің аумағымызда тығылып жүрген 151 адам ұстап беру туралы шешім қабылдаса, керісінше біздің өтінішіміз бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе сот үкімін орындау үшін 89 адам ұстап берілді. Оның 73 Ресейден экстрадицияланды.

Қазіргі уақытта сотталған тұлғаларды жазасын ары қарай өтеу үшін өз отанына қайтару мәселесін реттейтін негізгі құжаттар болып ТМД мемлекеттері арасындағы конвенция мен екі жақты келісім шарттар табылады. Қазіргі уақытта шет мемлекетте жазасын өтеп жүрген ҚР 37 азаматы елге қайтарылып, керісінше 36 шет елдік тұлға өзі азаматы болып

табылатын елге қайтарылды. Бұл жұмыс өзара екі жақтылық қағидасы негізінде де жүзеге асырылуда. Мысал келтіретін болсақ, жақында ғана Қазақстанда жазасын өтеп жатқан Германия азаматшасын жазасын одан ары сол елдің аумағында өтеу үшін беру туралы шешім қабылданды.

Дегенмен еуропалық мемлекеттер тарапынан өзара екі жақтылық қағидасы негізінде іздеудегі тұлғаларды Қазақстанға экстрадициялау туралы оңтайлы шешімдер қабылданып отыр. Мысалы, өткен жылы, лауазымдық қылмыстар жасағандығы үшін іздестірілген ИМ есірткі саудасымен күрес Комитеті төрағасының орынбасары Исағалиевты Түркия мемлекеті ұстап берді. Адам өлтірді деп айыпталған Мәмбетовты Испания мемлекеті ұстап берді. Қазіргі таңда Швецияның құқық қорғау органдарымен ұсталған қарақшылық шабуыл жасағаны үшін іздеудегі Қазақстан азаматын экстрадициялау туралы келіссөздер жүргізілуде. Сотпен үлескерлердің ақша қаражаттарын жөнсіз жұмсағандығы үшін кінәлі деп танылып сотталған әкелі-балалы Уәлихановтар Тайландтың құқық қорғау органдарымен Қазақстанға ұстап берілді.

Еуропа мемлекеттерінің қылмыскерлерді Қазақстанға ұстап беру туралы шешімі біздің еліміз бен осы елдер арасындағы қылмыспен күресуде құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша орнатылған тығыз қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылып өткендігін айтып өткен жөн. Бұл жайттар бірінші кезекте Қазақстанның құқықтық жүйесіне деген сенімді, елдің демократиялық институттарын қалыптастырудағы жетістіктерін тануды, адам құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда халықаралық нормаларына сай келетін кепілдіктерді құруды білдіреді. Мысал ретінде жақында Страсбургтегі адам құқықтары жөніндегі еуропалық сотында біздің құқық қорғау органдарымен іздестіріліп жүрген Қазақстан азаматын Украинаның беру туралы шешімін келтіруге болады. [5]

Еуропа елдерімен қылмыстық құқықтық мәселелер бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру осы елдермен шарттық құқықтық базаның жоқтығына байланысты мүмкін болмай отыр және еуропа елдері екі жақты шарттар жасауды қолайлап отырған жоқ. 1998 г. Бас прокуратураның көтерген бастамасы бойынша ҚР Үкіметіне қылмыстық қудалауды жүзеге асыру мен қылмыскерлерді ұстап беру бойынша еуропалық конвенцияларға қосылу туралы мәселе көтерілді. (барлығы 11 конвенция).

Сонымен қатар, бүгінгі таңда ҚР Президентінің Әкімшілігі бекіткен Жоспар-кестесіне сай, Бас прокуратура ҚР Сыртқы Істер министрлігімен бірлесіп 20.04.1959 жылғы Қылмыстық істер бойынша бірлескен құқықтық көмек көрсету туралы Еуропалық конвенцияға және оның Қосымша хаттамасына, 13.12.1957 жылғы Қайтарып беру туралы Еуропалық конвенцияға және оның екі Қосымша хаттамасына, 15.05.1972 жылғы Қылмыстық істер бойынша өндірісті табыстау туралы Еуропалық Конвенцияға және 28.05.1970 жылғы Қылмыстық істер бойынша сот шешімдерінің халықаралық жарамдылығы туралы Еуропалық конвенцияға Қазақстанның қосылуы туралы мәселелерін пысықтау үстінде.

2009 жылдың 9 сәуірінде ҚР Бас прокуратурасының бастамасымен аталған мәселе ҚР Сыртқы істер министрлігі өткізген Сараптау кеңесінің отырысында қарастырылды. Бас прокуратура ұстанымы барлық қатысы бар мемлекеттік органдар арасынан қолдау тапты және 10.04.2009 жылы Еуропа Кеңесінің Директоратына Қазақстанды аталған конвенцияларға қосу туралы сәйкес өтінім жіберілді. Бұл мәселе оң шешімін табатын болса Қазақстанда қылмыс жасап, Еуропа Одағында жасырынып жүрген қылмыскерлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту бойынша кедергі болып отырған көптеген мәселелер де шешіледі.

2009 жылдың 8 тамызындағы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы жөнінде Елбасының қатысуымен өткен кеңес Хаттамасының 6-тармағына сай, Президент Әкімшілігіне Қазақстан Республикасының заңнамасы мен құқық қолдану практикасы турасындағы ЕҚЫҰ-ның сын ескертулерінің егжей-тегжейлі талдауы жіберіліп, негізделген және қазақстан тарапынан мойындалған ескертулерді жою ұсынылды.

ЕҚЫҰ бағытында жүргізіліп жатқан жұмыс шеңберінде ҚР Әділет министрлігімен бірге негізгі ережелерін «Қазақстан Республикасы–Еуропалық одақ» сот төрелігі мен құқықтық тәртіп бойынша кіші комитетінде интерпретациялау арқылы 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясаты концепциясын презентациялау рәсімі ұйымдастырылды (Астана қ., 23.10.2009).

Қазіргі уақытта Бас прокуратура басқа мемлекеттердің прокуратура органдарымен өзара ынтымақтастықты дамыту мен тығыз байланыс орнату мақсатында 1999 ж. негізгі мақсаты тәжірибе алмасу, прокуратуралар арасындағы ынтымақтастықты дамыту ұйымдасқан халықаралық сипаттағы қылмыстармен күресуде тығыз байланыс орнату болып табылатын прокурорлардың Халықаралық ассоциациясына мүше болды. Сонымен қатар, Бас прокурор ТМД қатысушы мемлекеттердің бас прокурорларының Үйлестіру кеңесінің мүшесі болып табылады.

Сондай-ақ Бас прокуратура әртүрлі халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты ұлғайтып отыр, атап айтсақ БҰҰ босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссарының Басқармасымен, құқық бұзушылықтың алдын алудың Азиялық қорымен, БҰҰ есірткі саудасы мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Комитеттің Басқармасымен, қылмыспен күресудің маңызды мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар өткізетін миграция жөніндегі Халықаралық ұйыммен тығыз қарым қатынас орнатылған.

ҚР Бас прокурорының орынбасары Ваисов М. халықаралық трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен тиімді күрес жүргізу үшін барлық мемлекеттердің құқық қорғау органдарының қызметін тұрақты, әрі белсенді түрде үйлестіре отырып ынтымақтасу, дүние жүзіндегі қылмыстылық туралы мониторинг жүргізу, оны жүйелі түрде болжау және сондай-ақ онымен күресудің нәтижелеріне тиісті талдау жасау сияқты қосымша шаралар қабылдау керек деп есептейді.[6]

2009 жылдың қарашасында Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен және ҚР Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментімен бірлесіп Қазақстан Республикасының қылмыстық жауапкершілікке тартылған және жазасын шетелде өтеп жатқан азаматтары туралы деректер банкі құрылды.

Деректер банкіні құру қажеттілігі бүгінгі күнге дейін Қазақстан мемлекеттік органдары осындай адамдарды мақсатты түрде тіркеу жүргізбегендігінен туындап отыр, және тиісінше, шетелде қылмыс жасаған, кейінірек шетел соттарымен бас бостандықтарынан айыруға сотталған Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасы Конституциясының 11-бабында көрестілген шетелде жүрген өз азаматтарына қорғау және оларға қамқорлық жасауды қамтамасыз етуге мемлекетті міндеттейтін құқығын толық пайдалана алмаған.

Деректер банкінің қызметі Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетімен бұндай категориялы адамдарды тіркеуді жүргізілуін көздейді, ал оның толтырылуын Комитеттің Астана қаласы бойынша Басқармасы ҚР Сыртқы Істер Министрлігінің Консулдық қызмет департаменті арқылы Қазақстанның шетел мекемелерінен алынған сұрау салу пен растау құжаттары негізінде жүзеге асырады.

Деректер банкіндегі ақпарат мемлекет үшін шетелде қылмыс жасаған және жазасын шетелде өтеп жатқан біздің отандастарымыз туралы мәліметтерге ие болуға мүмкіндік береді, және қажетті жағдайларда мемлекет оларға тиісті құқықтық қорғау көрсете алады.

Осы уақытқа дейін Бас прокуратура шет мемлекеттердің өкілетті органдарының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы 337 өтінішін қарастырған, оның 324 олардың орындалуын ұйымдастыру үшін қазақстандық құқық қорғау органдарының аппараттарына жіберілген, 13 халықаралық құқық нормалары мен ұлттық заңдарға қайшы келетіндіктен орындаудан бас тартқан.

Келіп түскен 380 қазақстандық қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдардың тергеу тапсырмаларын қарастыру нәтижесі бойынша шет мемлекеттердің өкілетті органдарына 370 тапсырма жіберілді, олардың 168-і 2009 жылдың аяғына дейін орындалды.

2009 жылы Департамент шет мемлекеттердің қылмыскерлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін және шет мемлекеттердің соттарының үкімдерін орындау туралы 108 өтінішін қарастырып, 81 тұлғаны ұстап беру туралы шешім қабылдаған, 7-іне заңда көзделген негіздер бойынша ұстап беруден бас тартылған, қалғандары қарастырылу үстінде.

Ұстап беру туралы Бас прокуратураның шет мемлекеттердің өкілетті органдарына жіберілген 65 талаптың 40 қанағаттандырылған, қалғандары шет елдік әріптестермен қарастырылу үстінде. Сонымен қатар, шет мемлекеттердің Қазақстан аумағы арқылы қылмыскерлерді транзит арқылы тасымалдау туралы 37 өтініші қарастырылып қанағаттандырылған және тиісінше шет мемлекеттер Қазақстанға берілген қылмыскерді транзит арқылы тасымалдау туралы 2 өтінішін қарастырып қанағаттандырған.

Шет мемлекеттердің сотталған тұлғаларды жазасын өтеу үшін беру туралы 6 өтініші қарастырылып қанағаттандырылған, дәл сондай мөлшерде шет мемлекеттердің соттарының үкімдері бойынша тағайындалған қазақстандық азаматтарды Қазақстан аумағына жазасын өтеу үшін беру туралы өтініштер шет мемлекеттердің өкілетті органдарымен қарастырылып қанағаттандырылған.

Қазақстан аумағындағы қылмыскерлерді қудалауды жүзеге асыру туралы сұраныммен шетелден келіп түскен 15 қылмыстық істің 12-сі алдын-ала тергеу/анықтау ұйымдастыру мақсатында қазақстандық құқық қорғау органдарына бағытталды; 3 іс қарастыру сатысында.

Бас прокуратура шетелдік мемлекеттерге айыпталушыларды шетелдік мемлекеттердің аумағында қылмыстық қудалауын жүзеге асыру туралы 25 қылмыстық іс бағыттады; жіберілген істердің заңға қайшы болуы негізімен ешбір іс шетелдік әріптестермен қайтару фактілері жоқ.

Қазіргі әрекет етіп тұрған Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясының 4 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының парламентімен ратификацияланған халықаралық шарттар мен жалпы танылған халықаралық құқықтың нормалары мемлекеттің құқықтық нормалар жүйесіне кіреді және ұлттық құқық нормалары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының нормаларына қайшы келген жағдайда жоғары заңдық күшінің болатындығы айтылған. Бұл конституциялық ережеге сәйкес тек Қазақстан Республикасының Парламентімен ратификацияланған халықаралық шарттардың ғана ұлттық заңдардан үстемдігін білдіретін саяси-құқықтық мәртебе береді. 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы заңына сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық шарты - Қазақстан Республикасы шет мемлекетпен (шет мемлекеттермен) немесе халықаралық ұйыммен (халықаралық ұйымдармен) жазбаша нысанда жасасқан және мұндай келісімнің бір құжатта немесе өзара байланысты бірнеше құжаттарда екендігіне қарамастан, сондай-ақ оның нақты атауына қарамастан халықаралық құқық реттейтін халықаралық келісім. Бұл анықтама 1969 жылғы халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясындағы халықаралық шарттардың анықтамасына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының атынан халықаралық шарттарды жасауға тек мемлекеттің ғана құқық қабілеті бар. Қазақстан Республикасы бұл конвенцияны 1993 жылы 31 наурызда ратификациялады. Қазақстан Республикасы қылмыспен күресу аясындағы өзара ынтымақтастық мәселелері бойынша көптеген үкіметаралық келісімдер, Бас прокуратура, ІІМ мен Қазақстан Республикасының басқа да ведомствалары халықаралық келісімдер жасасқан. Осы уақытқа дейін ғалымдар арасында құжаттардың соңғы тобының құқықтық табиғаты мен міндеттілік күшіне қатысты ортақ көзқарас жоқ. 2005 жылғы 30 мамырдағы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары» туралы заңының 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының түрлеріне: Қазақстан Республикасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің,

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының атынан шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен жасалатын шарттар жатқызылады. ІІМ басқа мемлекеттердің ішкі істер органдарымен жасалған халықаралық келісімдер Қазақстан Республикасының ведомствааралық шарттарына жатқызылады және елдің құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, әрі ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін орындалуы міндетті. Халықаралық шарттардың осы тобын зерттеп жүрген Ресейлік ғалым Волженкина шарттардың мұндай түрлерін өзара теңестіру конституцияның нормаларына қайшы келеді деп есептейді және бұл Үкімет пен орталық атқару органдарының құзіретін шектен тыс асыру деп есептейді.[7] Керісінше Т.Н.Москальков пен Н.Б.Слюсарь заң жүзінде өзара теңестірілгендіктен ведомствааралық деңгейде жасалғандығына қарамастан тең дәрежеде қолданылу керек деп есептейді. [8] Дегенмен, менің ойымша Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары оның мемлекет атынан, үкімет атынан не ведомствааралық органдар атынан жасалғанына қарамастан оны орындау міндеттілігі мен оны орындамағаны үшін жауапкершілік тек мемлекеттің еншісіне тиесілі. [9] Прокуратура органдары мен ішкі істер органдарының жасаған ведомствааралық шарттары бірінші кезекте қылмыс жасады деп айыпталған тұлғалар мен сотталған тұлғалардың құқықтық жағдайына қатысты болғандықтан «ҚР халықаралық шарттары туралы» заңына сәйкес міндетті түрде ратификацияланатын шарттар тізіміне кіретіндіктен тек мемлекетаралық шарттар нысанында жасалуы тиіс деп есептеймін.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында экстрадиция мәселесі 1998 жылы 27 сәуірде ҚР ІІМ–мен бекітілген “Интерпол желісі арқылы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен өтінішті жіберу және тапсырманы орындау туралы” Нұсқаулығымен де реттеледі. Осы нұсқаудың мақсаты халықаралық сипаттағы қылмыстың алдын алу, ашу және тергеу процессінде Интерпол арқылы құқық қорғау органдарымен өтінішті жіберу және тапсырманы орындау тәртібін бекіту болып табылады.

Нұсқаудың VI тарауы қылмыс жасаған тұлғаларды тұтқынға алу және экстрадициялауға (ұстап беруге) арналған. Осы нұсқауға сәйкес, экстрадиция – бұл рәсім , яғни, бір мемлекет өзге мемлекеттен осы мемлекетпен сотталған тұлғаны, немесе оны сотқа тарту немесе үкімді орындау мақсатында оған қатысты ұлттық заңмен қылмыстық қудалау жүзеге асырылған тұлғаны ұстап беруін сұрауы мүмкін. Сонымен қатар, осы жерде бір мезетте экстрадицияны заңдық акті ретінде қарастырған, яғни, ұстап беру талабы қойылған тарап тұлғаны беру арқылы да жүзеге асырылуын білдіреді.

Жоғарыда айтып кеткендей, қылмыс жасаған тұлғаларды тұтқынға алу және ұстап беру мәселесі Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының құзіретіне жататындығы бәрімізге белгілі, осыған байланысты экстрадициялауға жататын тұлғаны тұтқынға алу және ұстап беру туралы өтініші ІІМ-інің тергеу органына немесе Қазақстан

Республикасы Прокуратурасының тергеу және анықтама үшін қадағалау басқармасына бағытталады.

Республика прокуратурасының тергеу және анықтама үшін қадағалау басқармасының тапсырмасы бойынша осы елдегі Интерполдың ҰОБ – сы іздестірілген тұлғаның болуы мүмкін елдің Интерполының ҰОБ – сы немесе Интерполдың Бас хатшылығы арқылы халықаралық іздестіруді ұйымдастырады.

Шет мемлекеттің ҰОБ – нан оның аумағында іздестірілген тұлғаның табылғандығы туралы мәліметті алғаннан кейін, ұстап беру талабы қойылған тараптың ҰОБ –на Бас прокуратурамен дайындалған тұтқынға алу және ұстап беру туралы халықаралық тергеу тапсырмасының шет тілге аударылған көшірмесін береді. Сонымен қатар, Бас прокуратура көзделген тапсырманың түп нұсқасын ұстап беру талабы қойылған тараптың тиісті әділет немесе прокуратура органына дипломатиялық арна арқылы жібереді.

Өз ойымды жинақтай келе, бұл мақалада сотталған тұлғалар мен қылмыс жасады деп айыпталған тұлғаларды аумағында қылмыс жасаған не азаматы болып табылатын елге беріп қылмыстық жазаның бұлжымастығы қағидасын жүзеге асырудағы прокуратура органдарының қызметін қазіргі заман талаптарына сай жетілдіру қажеттігін, осы саладағы қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару заңдарын ҚР жасаған, қосылған әртүрлі деңгейдегі халықаралық шарттар мен халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажеттігін атап өткім келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі, 1997 жылғы 16 шілде
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі, 13 желтоқсан 1997 ж. 384-385 б.
4. Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару кодексі Қазақстан, 13 желтоқсан 1997 ж.
5. Республикасының халықаралық шарттары туралы заңы, 2005 жылғы 30 мамыр
6. Қазақстан Республикасының « Прокуратура туралы» заңы 1995 жыл 21 желтоқсан
7. “Интерпол желісі арқылы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен өтінішті жіберу және тапсырманы орындау туралы” Нұсқаулығы 1998 жылы 27 сәуірде ҚР ІІМ–мен бекітілген

Заң әдебиеттері:

1. Кобабаев О. К вопросу о месте и роли прокуратуры в системе органов государственной власти Республики Казахстан, Сборник материалов международной научно-практической конференции Место и роль

- прокуратуры в системе государственных органов Республики Казахстан и ее роль в защите прав человека и гражданина. Алматы 2002
2. Бахтыбаев И.Ж. Конституционный надзор прокуратуры Республики Казахстан. диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук. М., 1998 .- С. 123-125.
 3. Темирбулатов С. Г. Прокуратура и обеспечение конституционной законности в Республике Казахстан. «Зан жане заман» - «Закон и время». 1998. № 5.- С. 28-29.
 4. Игнатенко Г. В., Тиунов О. М. Международное право. Учебник. М., 1976. – С. 253.
 5. Мами К.А. Казахстанская еженедельная газета «Панорама» .№12, 2011 г
 6. Ваисов М. Место и роль прокуратуры в системе государственных органов Республики Казахстан и ее роль в защите прав человека и гражданина , Сборник материалов международной научно-практической конференции Место и роль прокуратуры в системе государственных органов Республики Казахстан и ее роль в защите прав человека и гражданина. Алматы 2002
 7. Волженкина В. М. Оказание правовой помощи по уголовным делам в сфере международного сотрудничества. Учебное пособие. СПб., 1999. С. 6-9.
 8. Москалькова Т. Н., Слюсарь И. Б. Сборник соглашений МВД России. М.: Спарк. 1996. – С. 4.
 9. Акпарова Р.Н. Практика реализации международных договоров Республики Казахстан по оказанию правовой помощи по уголовным делам диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук. А., 2002 .- С. 64.

Резюме

Защита прав и свобод человека, в том числе экстрадированных и осужденных лиц является основной задачей государства и международного сообщества. Это статья посвящена проблемам заключения международных договоров межведомственного характера и ее роли в системе внутригосударственного права, а также роль органов прокуратуры в сфере оказания правовой помощи по уголовным делам.

Summary

Protection of human rights and freedoms including extradited and convicted person is the main task of states and international community. This article is devoted to the problems of conducting international agreements inter character and its role in the system of national legislation and the role of prosecutor in the sphere of legal assistance on criminal affairs.